

Ырғыз ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 105 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы Ырғыз ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 167 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Ырғыз аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін уақытша атқарушының 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 17-02/376 ұсынысының негізінде, Ырғыз ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ырғыз ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 105 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылдың 9 қазанында № 4535 болып тіркелген, аудандық "Ырғыз" газетінің 2015 жылғы 27 қазандағы № 58-59 санында жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енгізіледі.

Ырғыз ауылдық округінің әкімі

А. САРИН